

*Кыякбаева Ұ.К.*

**ЖАҢА ФОРМАТТЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҚҰЗІРЕТТІ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Кыякбаева У.К.*

**БОЛОЧОКТОГУ МУГАЛИМДЕРДИН НОВАТОРДУК ИШМЕРДҮҮЛҮГҮН  
КАЛЫПТАНДЫРУУ**

*Кыякбаева У.К.*

**ФОРМИРОВАНИЕ НОВАТОРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩИХ  
УЧИТЕЛЕЙ**

*U.K. Kyakbaeva*

**THE PROBLEM OF THE SHAPING TO INNOVATIVE ACTIVITY  
OF THE FUTURE TEACHERS**

УДК: 37:001.895

*Бұл эмгекте болочоктогу мугалимдин новатордук ишмердүүлүгүн калыптоого арналган. Студенттердин эркин, өздүк демилге менен билим алуусу каралган. Окуу менен, жазуу менен сын көз карашты калыптандыруу изилденген.*

**Негизги сөздөр:** *болочоктогу адис, новатордук ишмердүүлүктү калыптоо, педагогикалык чеберчилик, технологиялар, методдор.*

*В данной статье раскрывается проблема формирования новаторской деятельности будущих учителей.*

**Ключевые слова:** *будущий специалист, проблема, формирование новаторской деятельности, педагогическое мастерство.*

*In given article problem of the shaping to innovative activity of the future teachers.*

**Key words:** *future specialist, problem, shaping, shaping to innovative activity, pedagogical mastery.*

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамыту бағытына байланысты.

Бүгінгі таңда Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне ену қажеттілігі көтеріліп отырған кезеңде білім беру мәселесін, әдіс-тәсілдерді инновациялық үрдістермен алмастыру арқылы жалпы білім сапасын арттыру көзделген. Осы орайда әрбір ЖОО ұстаздары озық технологияларды терең талдаудан өткізіп, өзіне тиімдісін таңдауы керек.

Қазақтың заңгер жазушысы Мұхтар Әуезов былай деген екен «Халық пен халықты теңестіретін-білім» деп айтқандай [1], білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу-біздің мақсатымыз. Сондықтанда жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін оқытушының ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Бұл баяндамада жаңа форматтағы біліктілікті арттыру курсынан алған жеті модульді сабақ үрдісінде үйлестіре пайдаланудың кейбір жолдары, практикада қолданылуы туралы ой қозғағым келіп отыр.

Педагогикалық шеберлікті арттыру орталы-ғының ұйымдастыруымен «Назарбаев зияткерлік мектебі» курсы бағдарламасын меңгеруде түйгенім [2]: студентке қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын болашақ маман тәрбиелеу, қалыптастыру.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кезкелген оқыту технологиясы оқытушыдан терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан студенттің рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр студенттің үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез – құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Кембридж оқу бағдарламасының мақсаты – Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру және Кембридж университеті тәсілінің теориялық негіздерін үйрену. Басты міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен

бағалай білуге көмөктөсү, сындарлы ойлауға бағыттау. Бағдарлама жеті модульден тұрады:

### 1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер

Білім беру – жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол студенттердің оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған. Бағдарлама жалпы алғанда әлемдік дәрежеге жету мақсатын көздей отырып, жаңаша қырда қолданылатын технологияларды тиімді пайдалану.

### 2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, студенттің өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

### 3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау

Бағалау – одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Мұғалімдер мен студенттер өздерінің қандай мақсатқа жететіндерінің өлшемдерін түсіну. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады.

### 4. Оқытуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды АКТ пайдалану

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмөктеседі, студенттің ой өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді. Бағдарлама соңында мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді және сыни тұрғыдан пайдаланушыларға айналады.

### 5.Талантты және дарынды балаларды оқыту

Талантты және дарынды студенттерге білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау. Студенттердің қабілеттерін дер кезінде анықтай білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі.

### 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқу

Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларына сергіту сәтін жүргізуде жас ерекшеліктерді ескеріп отырып орындату қажет.

### 7. Білім беруді басқару және көшбасшылық

Аталған модуль білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты студенттік топтардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға

саяды [3]. Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымыңызды таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа негізделеді. Олай болса, бағдарламаның негізгі идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатыны негізделеді. ЖОО жұмысының бағдарламасына балаларға көшбасшы болуға үйрететін тренингтер, рөлдік ойындар кіреді.

Осы модульдерді тиімді пайдалану арқылы құзыретті мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре түспек. Құзыретті мұғалімнің міндеті студенттің жеке тұлғалық ерекшелігіне мән беру. Құзырлы білім беруде ұстанатын факторы студенттің өздігінен білімнің мәнін меңгеруі және бағалай білуі. Бағдарлама нәтижесінде - тәуелсіз, ғылымға қызығушылығы ояңған, білім алуға бейім, сенімді, жауапты, сын тұрғысынан ойлай алатын, өзгелермен еркін тіл табысатын, сандық технологияларда құзыреттілігін көрсететін жас маман дайындалады.

Қазіргі заманғы оқытушының басты мақсаты-студентке терең білім беру мен сапалы ойлауды дамытуға жетелеу болып есептеледі. Бірлескен топ жұмысында студенттер бір-бірімен ой бөлісіп, бір-бірімен тәжірибе алмасып, алынған ақпаратты топ болып түсініп, талдап, синтездейді, салыстырып болжамдар жасай отырып ортақ шешімге келеді. Оқыту мен оқудың жаңаша әдіс-тәсілдерін ойдағыдай меңгерген оқытушы шәкіртін білім алуға қызықтыра алады және жеке іздеуге дағдыландырады. Нәтижесінде студент еркін, өзіндік дәлелдемелерін анық жеткізе білетін сенімді, сыни ой-пікірі мен көзқарастары дамыған болып қалыптасады. Топтық жұмыс арқылы ой қозғай отырып, өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін топ ішінде талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау екені мәлім.

Қазіргі уақыттағы жаңа педагогика ғылымындағы проблема ол - оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Жаңа технологияның әдіс - тәсілдері студенттердің білімін толықтыруға көмөктеседі. Осыған орай озық тәжірибе, жаңа технологияның тиімді әдістерін таңдап алып, оларды үйлесімді, тиімді және шығармашылықпен пайдалану - ұстаз шеберлігінің белгісі. Оқытушы ретінде оқытып жүрген студенттеріміздің ерекшеліктерін зерттеп, біліп алған соң ғана, оларды даму деңгейіне орай әдіс - тәсілдерді іріктеп, талдап қолдануға, жетілдіруге ерекше назар аударып келемін. Студенттерді жұппен, топпен жұмыстандыру арқылы ұйымдастырылған сабақтар, студенттердің мамандыққа деген қызығушылығын арттырып, шындау жолдарының бірі болып табылады, олардың арасында ынтымақтастық пен серіктестікті тудыру, басқа адамның ойымен де есептесу қажет екенін де түсіндіреді, уақыт үнемделеді. Жұппен және шағын топпен жұмыс тез, жаңа идеяларды ұсынудан қатар белгілі бір жағдайды нәтижелі шешуге де мүмкіндік береді.

Сабақ барысында студенттердің ізденуін қадағалап, білім дағдысын толықтыруға бағытталған сабақ өткізу әдістерінің бірі - «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан оқу» жобасының стратегиялары. Бұл жобаның стратегияларын сабақ барысында қолдану жаңа оқу материалдарындағы оқиға мен құбылыстарды студенттердің өздері байқап, талдауына жағдай жасайды. Демек, білім студенттерге даяр күйінде берілмейді, өзінің ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы қол жеткізеді. Әр студент өз ойына шек келтірмей жауап беруге дағдыланады. Студент бойындағы танымдық қабілетінің шығармашылық ойлау жүйесінің дамуына жол ашады. Практика кезінде өз сабақтарында қолданып жүрген әдіс - тәсілдер: алты қақпақ, түртіп алу, күнделік жазу, әлем шарлау, рөлдік ойындар, диалогтік әңгіме жүргізу, топтастыру, семантикалық карта, венн диаграммасын толықтыру, Джиксо, сұрақ - жауап. Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақ қою арқылы байқағаным: студенттер тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталанды, пәнге деген қызығушылықты көрсетті, зерттеуге ынталанды, студенттер сыни тұрғыдан ойлауға бір-біріне көмектесті, студенттер бір - бірінен үйренді, басқа студенттердің идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпалын тигізді, оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтады.

«Әлем шарлау» стратегиясы бойынша қойылған сұрақтарға студенттер алған білімдерін бір - біріне түсіндіріп, жауап бергенде бір - бірін тыңдады.

«Топтастыру» стратегиясы арқылы сұрақ қойған кезде студенттер бір нәрсе туралы ойындағы негізгі қажеттіліктерін, білетіндерін, білгендерін топтады.

«Кубизм» стратегиясы аясында студенттер сұраққа жауап бергенде ұғымды жан - жақты, әр қырынан салыстырды, анықтады, зерттеді.

«Рөлдік ойыны» барысында студенттер бір - біріне сұрақ қою арқылы тілдері жаттығып, образдарда ойнауға үйренді.

«Венн диаграммасы» бойынша қойылған сұрақтарға топтар екі жаңа ұғымды салыстырды, екі ұғымның ортақ қасиеттерін таба алды.

«Семантикалық карта» стратегиясы бойынша қойылған сұрақтарға жауап бергенде оқушылар жаңа ұғымның өзіне тән ерекшеліктерін, қасиеттерін, қызметін, маңызын танып анықтайды, зерттейді.

«Фишбоун» тәсілін қолданғанда студенттер белгілі бір мәтін бойынша берілген сұрақты жан - жақты қорытындылап жауап берді.

«Тұжырымдамалық карта» бойынша студенттер берілген тапсырмаға нақтылап, қорытынды жасап, зерттеп жауап берді.

«Алты қақпақ» тәсілі бойынша топтар мәтінді әр қырынан салыстырып, зерттеп, талдап жауап берді.

«Ыстық орындық» тәсілі аясында студенттер бір - біріне сұрақ қою арқылы тақырыпты жан - жақты қарастырып, сыни тұрғыдан ойланып жауап берді.

«Блум таксономиясы» бойынша сабақты қорытынды жасағанда қойылған сұрақтарға топтар білу,

түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау аясында жауап бер

Бұл модульдерді сабақта оқытушы ұтымды пайдалана білсе, студенттің пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыстануға үйренетіндігі, сонымен бірге студент пен оқытушы арасында ынтымақтастық орнап, сабақтың тиімділігі арта түсетіндігі атап көрсетілген.

Қазіргі білім жүйесінің бірден бір ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез – құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Кембридж оқу бағдарламасының мақсаты – Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру және Кембридж университеті тәсілінің теориялық негіздерін үйрену. Басты міндеті — қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалай білуге көмектесу, сындарлы ойлауға бағыттау.

«Сабақ – оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы», -деп А.Сухомлинский айтқандай, әр мұғалім өз сабағының – көшбасшысы [4]. Ал көшгі дұрыс бағыттау білу ол шеберлігіне байланысты. Жалпы менің оқытудағы өз міндетім студенттерді өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту, сөздік қорларын молайту. Сондықтан сабақта студенттерден жиі тақырып бойынша жеке, жұптық, топтық жұмыс яғни пирамидалық тәсіл түрлерін алып отырамын. Өйткені, ол студенттің ойлауын, елестету мен есте сақтау белсенділігін, дағдысын білім саласының дамуын қамтамасыз етеді. Мұғалім бала бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктеріне баға беріп, ары қарай өз бетінше дамыта түсуіне жағдай туғызу керек, көмектесуі қажет. Бұл үшін, әрине ұстаздың өзі де өзгеруі, яғни дәстүрлі оқытудың тапталулары сүрлеуінен арылуы тиіс. Осылайша оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір мұғалім өзінен бастағаны жөн. Мұғалім шәкіртке білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, «оқи алуға үйрету керек». Мұғалім оқытуға кіріспес бұрын студенттердің мінездерін зерттеп, білімдерін тексеруі тиіс. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» - деп елбасымыз өз жолдауында айтып қана қоймай, әр мектепті түрлі ақпаратты технологиялармен қамтамасыз етуде. Яғни, ақпараттық технологиялардың білім беруде маңызы зор. Өйткені ол студенттерге үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді.

ҚР «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім

беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделді [5]. Бұл міндеттерді шешу үшін мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге жол ашады.

Егеменді елдің нұрлы болашағын әлемдік білім деңгейіне жетелер жеті модуль идеясының негізі оқытудың сындарлы теориясымен студентке нақты білім беруді мақсат тұтқан оқытушы өз сабақтарында өзіндік көзқарасы бар студенттің сыни ойлауы мен білім – біліктілігіне ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруына жол ашады. Өйткені, бұл міндеттер біріншіден, студенттің жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі болса, екіншіден, оқытудың студент пен оқытушы арасындағы қарым – қатынастың нәтижесі ретіндегі көрінісі қарастырылған. Себебі, қазіргі заман талабына сай оқытушының құзыреттілігін жетілдіруде ерекше роль атқаратын

жеті модульді кіріктіріп, студенттің сыни ойлауына жол ашатын сабақ өткізу – жаңа тұрпатты оқытушының міндеті.

**Әдебиеттер:**

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1999. - 320 б.
2. Мұғалімге арналған Нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей // НИШ.
3. Кембридж университеті. Педагогикалық шеберлік орталығы. - Астана, 2015.
4. «Оқытудағы Кембридж тәсілі, модульдерді пайдалану ерекшеліктері»
5. [Мәтін] / З.З Асемжанова // Бастауыш мектеп. - 2013. - №10. - 5-7-бб.
6. Сухомлинский В.А. Мектептің жас директорымен сырласу. - Алматы, 1998.
7. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007.

**Рецензент: д.пед.н., профессор Сияев Т.М.**